

«№ 39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» КММ

**2023 – 2024 оқу жылындағы
«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен
жасөспірімдер ұйымының жасаған
жұмыс есебі**



Ақтөбе қаласы, 2024 оқу жыл

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жасаған жұмысының есебі

№ 39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы жұмысын жалғастырды. Мақсаты - өз ұлтының барлық дәстүрін, тарихын толық меңгерген, ойлау дәрежесі жоғары, өз бетімен шешім қабылдай алатын саналы азамат тәбиелеу жолында, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жетекшісі, аға тәлімгер Құлшаева Гүлдана Тасқынбайқызы.

Аға тәлімгердің міндеттері:

1. Оқушылар арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуді қалыптастыру;
2. Жас ұрпақтың бойында адамгершілік, патриоттық сана - сезімді ұялату;
3. Жас ұрпақты тілін құрметтеуге, салтын сыйлауға тәрбиелеу;
4. Зиянды заттардың, нашақорлықтың пайдаланылуына жол бермеу.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының 1 мектеп «Ұланбасы» және оның 1 орынбасары бар.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы 7 – бағыт бойынша жұмыс жасайды.

1. Отан;
2. Зерде;
3. Руханият;
4. Салауат;
5. Еңбек;
6. Экоәлем;
7. Жеті жарғы.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы «Қалалық оқушылар сарайының» жылдық жоспарын басшылыққа ала отырып, жылдық жұмыс жоспары жасалынды.

2023-2024 оқу жылының 1 - қыркүйек күні, «Отан» бағытында мектебімізде «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.

Мақсаты - Білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу, сезіну білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу. Мерекелік салтанатты жиынның алғашқы сөзін мектеп директоры Кисикова Ақгул Мырзабековна жаңа оқу жылының басталуымен мектеп ұстаздарын, білім алушылары мен олардың ата - аналарын айтулы күнмен құттықтады.

1 - қыркүйек Білім күні әр адамның жүрегінде жақсы естелік қалдыратын, жарық та жылы сезімдерге толы ерекше күн. Бұл күннің әр адам баласы үшін жаңа білім, жаңа табыс, жаңа жетістіктерге жету бастамасы екені сөзсіз.

«Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбында өткен салтанатты жиында мектеп оқушылары мен мектеп табалдырығын аттаған 1 –

класс бүлдіршіндері білім күніне арналған салтантты жиын мерекелік әуенмен жалғасын тапты.

<https://www.instagram.com/reel/CwrbvOksmFq/?igsh=YnMxNHgwODlybzc0>

Қыркүйек айының 14 жұлдызы күні «Еңбек» бағытында «Біздің тату отбасы» жас суретшілер байқауы өткізілді.

Мақсаты-бала бойына осы байқау арқылы сүйіспеншілікті, жылылықты ұялату. Отбасы мүшелері арасындағы сыйластықты, сүйіспеншілікті нығайтуына ықпал ету.

Мектепшілік өткен сурет байқауына 13 (он үш) үміткер бақ сынасты. Сурет байқауына 2-7 класс оқушылары белсенділікпен қатысты. Комиссия қортыныдысы бойынша үміткерлердің жасаған жұмыстарына зерделеу, тексеру, бағалау жұмыстары жүргізіліп байқау жеңімпаздары анықталды. Мектепшілік өткізілген «Біздің тату отбасы» жас суретшілер байқауын ұйымдастырушылар: технология пәнінің мұғалімдері И. Бижанова, М. Жайлыбаева және аға тәлімгер Г. Құлшаева.

Комиссия қорытындысы бойынша байқау жеңімпаздары:

№	Оқушының аты-жөні	Класы	Білім беру ұйымы	Орын
1	Сералин Жігер	2 «Ә»	№ 39 ҚОЖББМ	III орын
2	Марат Айя	3 «А»	№ 39 ҚОЖББМ	III орын
3	Тоғызбаев Имран	3 «Ә»	№ 39 ҚОЖББМ	II орын
4	Өтеген Ясин	3 «Б»	№ 39 ҚОЖББМ	III орын
5	Есенгелдиева Диана	3 «В»	№ 39 ҚОЖББМ	I орын
6	Дулатов Әли және Дулатов Омар	4 «А»	№ 39 ҚОЖББМ	I орын
7	Кенжегулова Райиан	4 «Ә»	№ 39 ҚОЖББМ	II орын
8	Қуанышқали Дидар	4 «Б»	№ 39 ҚОЖББМ	II орын
9	Құдайбергенова Назерке	6 «Б»	№ 39 ҚОЖББМ	III орын
10	Болат Сабыр	6 «В»	№ 39 ҚОЖББМ	III орын
11	Аленов Санжар	7 «А»	№ 39 ҚОЖББМ	III орын
12	Жәрдем Аружан	7 «Ә»	№ 39 ҚОЖББМ	II орын
13	Қызылбасова Азиза	7 «В»	№ 39 ҚОЖББМ	III орын

Қыркүйек айының 15 жұлдызы күні «Экоәлем» бағыты бойынша «Жас Ұландықтардың» қатысуымен «Таза қала бізден басталады» тақырыбында сенбілік жұмысы жүргізілді.

Мақсаты - қаланың көркіне көрік қосу, тазалығы мен экологиялық жағдайын жақсарту.

Қала көлемінде жүргізіліп жатқан қызу тазалық жұмыстарына «Жас Ұландар» мектеп оқушылары, ұстаздары бір кісідей атсалысып, әрбір бөлінген мектеп аумақтарында тазалық жұмыстарын қарқынды түрде жүргізді.

Соның ішінде, мектеп ауласы, көшелер мен әлеуметтік нысандардың айналасын толық қамтыған тазалық жанашырлары қоқыс қалдықтарын шығарып, ортақ мекеннің көркеюіне өз үлестерін қосты.

Сенбілік аясында тазалық жұмыстарына 26 мұғалім, 10 оқушыдан құралған «Жас Ұландықтар» қатысты.

Тазартылған аумақтар бойынша тұрмыстық қатты қалдықтар, бөтелкелер мен қағаз қалдықтары шығарылды.



2023-2024 оқу жылында «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер
ұйымының жаңа құрамы:



**«Мектеп Ұланбасы» 8 «А» сынып оқушысы Ақбай
Раушан Нұрисламқызы**

Орынбасары: Куданова Аяулым

№	Оқушының аты-жөні	Бағыты
1	Рахат Медина	«Зерде» бағытының бөлім басшысы
Жүніс Ләтифа		Орынбасары
2	Таженова Нұрасыл	«Экоәлем» бағытының бөлім басшысы
Нұрланқызы Айша		Орынбасары
3	Серікбай Данияр	«Руханият» бағытының бөлім басшысы
Мизанова Медина		Орынбасары
4	Еркебұлан Хамит	«Салауат» бағытының бөлім басшысы
Макошов Мейрамбек		Орынбасары
5	Бижанов Мухсин	«Еңбек» бағытының бөлім басшысы
Райсов Рауан		Орынбасары
6	Қамбар Байсұлтан	«Отан» бағытының бөлім басшысы
Биркумбай Дамир		Орынбасары

7	Бақтығали Ұлдана	«Жеті жарғы» бағытының бөлім басшысы
	Жарылқасын Фатима	Орынбасары

«Мектеп Кеңесінің» ұйымдастырумен оқушылардың үзіліс уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында «Көңілді қоңырау» әдісін жүргізеді.

Мақсаты - оқушылардың өзара сенімділігін, қарым-қатынасын, ұйымшылдығын арттыру.

«Көңілді қоңырау» бұл көңілді сергітіп, жаңа күйге және көңілді көтеру үшін өте қажет. Қимылды ойындарды мектепте бастауыш сынып оқушыларына қалдырған жөн, олар сынып жетекшілерімен ойнайды, ал жоғарғы сынып оқушыларына «Батл биі», «Қимылды әуен», «Әуенді тап», «Жалғыз аяқ жолмен», «Поезд» ойындары қызықты өтеді.

Бастауыш сынып оқушыларына қимылды ойындар біраз уақыт қозғалуларына, бойларын жазуға өте пайдалы.




<https://www.instagram.com/reel/CzmK7aXMPQ8/?igsh=dHN4M2VuemxnYnRk>



«Көңілді Паровоз» ойыны



«Кім жылдам» ойыны





<https://www.instagram.com/reel/C17evNdsosN/?igsh=MjE0bnl2OWR3cmtn>

Қыркүйек айының 29 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша «Жас Ұлан» ұйымы мектебіміздің бастауыш класс оқушыларына «Жолда жүру ережесін білесің бе?» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты - балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, еске сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу.

Жоспар бойынша 1-4 сынып оқушыларына «Жолда жүру ережелері» тақырыбында оқушыларға ақпараттар берілді. Мектебіміздің «Жас Ұлан» ұйымының балалары бастауыш сынып оқушыларына жол белгілерін көрсетіп, әр белгінің мән мағынасын түсіндірді.

Кері байланыс мақсатында бастауыш сынып оқушыларына сұрақтар қойылып, оқушылар шапшаңдықпен, алғырлықпен жауап берді.

«Жолда жүру ережесін білесің бе?» тақырыбында өткен түсіндіру жұмысына 157 бастауыш сынып оқушылары қатысты.





<https://www.instagram.com/p/Cxpq57RsqiM/?igsh=MWY5anVhYjFkbWdtaA==>

Қазан айының 02 жұлдызы күні «Жас Ұлан» ұйымы «Зерде» бағытының ұйымдастыруымен мектебіміздің 3 - сынып оқушылары арасында «Ең үздік математик» зияткерлік байқауы өткізілді.

Мақсаты - оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Мектепшілік өткен «Ең үздік математик» зияткерлік байқауына әр бір кластан 3 оқушыдан, яғни барлығы 12 – оқушы қатысты.

3 сынып оқушылары арасында өткен «Ең үздік математик» зияткерлік байқауы II – кезең бойынша өткізілді.

I – кезеңде балалар 10 есептен тұратын «Тест тапсырмаларын» есептеп шығарса, II – кезеңде 10 есептен тұратын «Логикалық есептер» шығарды. Жалпы берілген уақыт 40 минут. Мектепшілік өткен «Ең үздік математик» зияткерлік байқауында 3 «Ә» сынып оқушысы Кемалбаев Ерназар 12 ұпаймен жеңімпаз атанды.

Мектепшілік өткен «Ең үздік математик» зияткерлік байқауының қорытындысы:

№	Оқушының аты-жөні	Облыс	Сынып	Білім беру ұйымы	Балл
1	Марат Айя	Ақтөбе	3 «А»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	9 ұпай
2	Марат Халима	Ақтөбе	3 «А»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	7 ұпай
3	Темірбек Әбілмансұр	Ақтөбе	3 «А»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	7 ұпай
4	Тоғызбаев Имран	Ақтөбе	3 «Ә»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	9 ұпай
5	Кадралина Айша	Ақтөбе	3 «Ә»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	8 ұпай

6	Кемалбаев Ерназар	Ақтөбе	3 «Ә»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	12 ұпай
7	Рысбаев Сұлтан	Ақтөбе	3 «Б»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	11 ұпай
8	Өтеген Ясин	Ақтөбе	3 «Б»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	6 ұпай
9	Базарбеков Алихан	Ақтөбе	3 «Б»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	7 ұпай
10	Серік Бекжан	Ақтөбе	3 «В»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	7 ұпай
11	Есенгелдиева Диана	Ақтөбе	3 «В»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	10 ұпай
12	Ерназаров Ғұмырат	Ақтөбе	3 «В»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	7 ұпай



https://www.instagram.com/p/Cx_UTaPMwow/?igsh=eXpzeGx0MzNxendz

Қазан айының 05 жұлдызы күні мұғалімдер күніне орай «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында қайырымдылық акциясы өткізілді.

Мақсаты- жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап тыңдай білуге, халқының салт – дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу.

Қайырымдылық іс-шарасына «Мектеп Парламенті» және «Жас Ұлан» ұйымдары ұйымдастырып, қарттарға ізгі тілектерін арнап сыйлақтар берді.

https://www.instagram.com/reel/Cx_QUgwM8bw/?igsh=NTY5eXRreWozcWly

Қазан айының 18 жұлдызы күні «Отан» бағытында 25-қазан Республика күніне орай «Менің арманымдағы Қазақстан!» тақырыбында эссе жазу байқауы өткізілді.

Мақсаты-өз ой-пікірін ашық, еркін жеткізе білуге баулу, сауатты жазуды меңгерту.

Эссе жазудағы басты мақсат – оқушылардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, мемлекеттің жарқын болашағына деген сенімін арттыруға бағытталған. Осыған орай, мектебіміздің 2-7 сынып оқушылары эссе байқауына белсенділікпен қатысты. Байқау барысында топ жарып шыққан оқушылар болды. Эссені бағалау кезінде қазылар алқасының мүшелері келесі төмендегідей қорытынды бойынша бағалады.

Мектепішілік өткен эссе байқауын ұйымдастырушылар: аға тәлімгер Г. Құлшаева және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі С. Елеусизова.

**Республика күніне арналған «Менің арманымдағы Қазақстан!»
тақырыбындағы эссе жазу байқауының қорытындысы:**

№	Оқушының аты – жөні	Сыныбы	Бағасы
1	Орынбасарова Гүлсезім	2 «А»	5
2	Мақсот Даулет	2 «А»	5
3	Сералин Жігер	2 «Ә»	5
4	Жанат Алихан	2 «Б»	4
5	Қазыбекова Айару	2 «Б»	4
6	Жарқымбай Айдай	2 «В»	5
7	Сакен Муслим	2 «Г»	4
8	Марат Ая	3 «А»	4
9	Серғазы Айша	3 «А»	4
10	Жанболатұлы Карим	3 «Ә»	5
11	Жолтаев Бек	3 «Б»	4
12	Серік Бекжан	3 «В»	4
13	Дулатов Әли	4 «А»	5
14	Кенжегулова Райиан	4 «Ә»	5
15	Қуанышқали Дидар	4 «Б»	5
16	Бекболат Кәусар	4 «В»	5
17	Жайылхан Уалихан	5 «А»	5
18	Абылаев Арлан	5 «Ә»	5
19	Мерейқызы Аружан	5 «Б»	4
20	Биркумбай Әсем	5 «В»	4
21	Нуркен Айжамал	6 «А»	4
22	Нұржанқызы Нұрида	6 «А»	4
23	Батырбек Аян	6 «Ә»	5
24	Құдайбергенова Назерке	6 «Б»	4
25	Айтмағанбетова Інжу	7 «А»	4
26	Асанова Даяна	7 «Ә»	5
27	Бақытжан Ыхлас	7 «Б»	4
28	Сарсенғалиева Нұршат	7 «В»	4

Қазан айының 19 жұлдызы күні «Отан» бағыты бойынша мектебімізде «Мектеп Президенті» сайлауы өткізілді.

Мақсаты - өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, біліммен өзін – өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

«Мектеп Президентін» сайлауына 9-10 сынып оқушылары арасынан 7 үміткер өздерінің сайлау алды бағдарламаларын ұсынды. Сайлауға өз таңдауларын жасап, дауыс беруге мектебіміздің 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 сынып оқушылары және мектеп ұстаздары қатысты.

Өзін-өзі басқару «Мектеп Парламенті» ұйымының «Мектеп Президентіне» үміткер оқушылар және жинаған дауысы бойынша:

1. 9 сынып оқушысы Қабылжан Айша 14,4 %;
2. 9 сынып оқушысы Нуралинов Қайрат 14 %;
3. 9 сынып оқушысы Төремұратова Зухра 11,4;
4. 9 сынып оқушысы Досжан Диана 4 %;
5. 9 сынып оқушысы Қуанар Диана 3 %;
6. 9 сынып оқушысы Ешпанова Даяна 1 %;
7. 10 сынып оқушысы Жандосұлы Ералы 50 %

2023-2024 оқу жылында Өзін-өзі басқару «Мектеп Парламенті» ұйымының «Мектеп Президенті» атанған, 44% дауыспен 10 «Ә» класс оқушысы Жандосұлы Ералы сайланды.

Мектебімізде өткен Өзін-өзі басқару «Мектеп Парламенті» ұйымының «Мектеп Президентін» сайлауына мектеп оқушылары және мұғалімдер қатысты.





<https://www.instagram.com/reel/Cy147rtsnUS/?igsh=ZXU2dXIybXloaHht>



«Өзін өзі басқару мектеп Парламенті ұйымының» мектеп Президенті 10 «Ә» сынып оқушысы Жандосұлы Ералы

<https://www.instagram.com/p/Cyun5V0Ie37/?igsh=MTEzZDN0OGxldHg3MQ==>

Қазан айының 23 жұлдызы күні «Отан» бағытының ұйымдастыруымен Республика күніне орай мектепшілік 5-6 сынып оқушылары арасында командалық «Менің Қазақстаным!» тақырыбында викториналық ойын өткізілді.

Мақсаты - Қазақстан елінің жері, рәміздері тіл саясаты, тәуелсіздік жолындағы белестерге тоқталып оқушылардың туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру.

«Менің Қазақстаным!» тақырыбында өткізілген викториналық ойын 5 кезең бойынша өткізілді.

1 кезең «Менің Қазақстаным!» (бәйге) алғашқы кезеңде командалар сұраққа жауап берді. Дұрыс жауапқа 30 ұпай.

2 кезең «Тарихи күнтізбе» бұл кезеңде тарихи күндр мен тарихи жылдар жазылған үлестірмелер берілді командаларға. Қойылған сұрақтар жауабын үлестірмелер арқылы көрсету. Дұрыс жауапқа 20 ұпай.

3 кезең «Мемлекеттік рәміздер» бұл бөлімде жұмбақтар қойылып, командалар шапшаңдықпен жауап беру. Дұрыс жауапқа 40 ұпай.

4 кезең «Сөз құрау» бұл бөлімде «Қазақстан» сөзінің әріптерін қолдану арқылы бірнеше сөз жазу. Дұрыс жауапқа 10 ұпай.

5 кезең «Мақал-мәтелдер» сайысы. Мақалдың жалғасын табу арқылы, толық мақал-мәтелді айту. Дұрыс жауапқа 20 ұпай.

5-6 сыныптар «Менің Қазақстаным!» тақырыбында өткізілген викториналық командалық ойынға белсенділікпен қатысты.



<https://www.instagram.com/p/Cyyter1sxrW/?igsh=MWc1a3phZ3d4dnltYQ==>

Қазан айының 24 жұлдызы күні «Еңбек» бағытында мектепшілік «Ғажайып тұмарлар!» өнер байқауы өткізілді.

Мақсаты- заманауи сәндік қолданбалы өнердегі халықтық дәстүрлерді сақтау және еліміздің мәдени-тарихи мұрасын арттыру.

Қолданбалы өнер-дәстүрлі тұтыну және сәндік бұйымдарын жасайтын ұсақ өндіріс. Қолөнершілер негізінен табиғи шикізаттарды пайдаланып, қарапайым еңбек құралдарының көмегімен көркем композициясының шешімімен тұрмысқа қажетті мүліктер, музыкалық аспаптар, қару-жарақ, құрал-саймандар жасайды.

Әрбір қолөнер туындысы өз заманының материалдық мәдениетінің үлгісі және халық талғамының, әлеуметтік қоғамдық жағдайының, діни сенімінің, салт-дәстүрінің нақтылы көрінісі болып табылады.

Осыған орай, 5-8 кластың қыз балалары «Ғажайып тұмарлар» тақырыбында қолөнер бұйымдарын жасады.

Комиссия қорытындысы бойынша байқау жеңімпаздары:

№	Оқушының аты-жөні	Сынып	Орын
1	Баетова Султана	5 «Ә»	III орын
2	Шуақбаева Арайлым	5 «В»	III орын
3	Эрнст Айша	6 «А»	II орын
4	Жұмабай Гүлжайна	6 «Ә»	I орын
5	Айтмағанбетова Інжу	7 «А»	III орын
6	Жарылқасын Фатима	7 «Ә»	II орын
7	Ақбай Раушан	8 «А»	II орын
8	Арыстанбекова Мөлдір	8 «Б»	III орын

Қараша айының 05 жұлдызы күні «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдасытыруымен оқушылардың күзгі демалыс уақыттарын тиімді өткізу мақсатында қашықтықтан «Менің интернетсіз бір күнім» тақырыбында челлендж ұйымдастырып өткізді. Аталған іс-шараға бастауыш сынып оқушылары белсенділікпен қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/CzQine8sKR0/?igsh=MXkxZXRIN3FldmhjNg==>

https://www.instagram.com/reel/CzQj_t3sLGA/?igsh=bWxscTBma3U1Mm9m

Қараша айының 06 жұлдызы күні «Жеті жарғы» бағыты бойынша «Туған жер» тақырыбында 8-9 сыныптар арасында виртуалды онлайн саяхат өткізілді. Мақсаты-Қазақстан аумағы бойынша виртуалды экскурсиялар құру. Виртуалды онлайн саяхат байқауына оқушылар мен сыныптар белсенділікпен қатысты. Ең жоғарғы ұпай жинаған жұмыстар қалалық оқушылар Сарайына жолданып, Жұмабай Гүлжайна жүлделі I орынмен және Ақбай Раушан белсене қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды. Жетекшісі: аға тәлімгер Құлшаева Гүлдана Тасқынбайқызы.



<https://www.instagram.com/reel/C08tIUJMimx/?igsh=MWY4Z29vNG50b2VhZQ==>

Қараша айының 09 жұлдызы күні «Экоәлем» бағытында мектебіміздің 5-11 класс оқушыларына «Темекенің адам ағзасына зияны» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты-оқушылардың зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға, салауатты өмір салтын сақтауға дамыту.

«Темекенің адам ағзасына зияны» тақырыбында өткізілген 5-11 класс оқушыларына түсіндірме жұмысын № 6 қалалық емханасының салауатты өмір салтын ұстау жөніндегі маманы Ділманова Бағдагул Абутәліқызы жүргізді.

Оқушылар кері байланыс мақсатында сұрақтар қойып «Экоәлем» бағытының басшысы және мектеп «Ұланбасы» тренинг жүргізді.



<https://www.instagram.com/p/C29OvJKMRBE/?igsh=bHhnNjg0bHFvZzUw>

Желтоқсан айының 05 жұлдызы күні «Отан» бағыты бойынша «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында өткізілген мерекелік кеш өткізілді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимн шырқалды.

Мерекелік кештің мақсаты - оқушыларға Тәуелсіздіктің кімдердің қанымен, қандай ауыртпалықпен келгендігі жайлы айтып, ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық парызды әрбір қазақ баласының бойына дарыту. Тәуелсіздік құрбандарын еске алып, 1 - минут үнсіздік жарияланды.

ҚР Тәуелсіздігінің 32 жылдағы жеткен жетістіктеріне шолу жасалып, оқушылар арнауларын айтты. Жас домбырашылар оркестрінің орындауында «Өрнек» күйі орындалды.



Жас әншілер «Қазақстаным елім» әнін тарту етсе, 3 «Ә» сынып оқушысы Мирон Тамерлан «Көк тудың желбірегені» әнін шырқады.



Мерекелік кештің соңы жоғарғы сынып оқушыларының орындауында «Қазақтай ел қайда» әнімен аяқталды.





Желтоқсан айының 11 жұлдызы күні «Отан» бағытында «Тәуелсіз елдің тұлғасы» тақырыбында дебат турнирі өткізілді.

Мақсаты-оқушылардың патриоттық, ұлтжандылық қасиеттерге, тарихи құндылықтарға деген ойларын қозғау. Сөз шеберлігін, өз пікірін анық айтып, дәлелдеме келтіру қабілеттерін дамыту. Турнирге «Жеңіс» және «Ақиқат» фракциялары қатысты. «Бұл палата қарттар үйі мен балалар үйін қосу дұрыс деп есептейді» деген қарарда ойналды. Үкімет «ақиқат» фракциясы қарттар үйі мен балалар театрында үйін қосқанда жағымды әрі оң нәтижелерді көруге болатынын дәлелдесе, оппозиционерлер «Қасқырды қанша бақсаң да, орманға қарап ұлиды» деген қорытындыға келді.

Ойынға төрешілікті директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Б. Батырғалиев тарих пәнінің мұғалімдері: А. Макимова мен Б. Диханова және мектеп психологі Г. Минаева.

«Үздік спикер» номинациясын 10 «Ә» класс оқушысы Култаева Айда иеденді. I-орынды «Ақиқат» тобы, II-орынды «Жеңіс» тобы иеленді.

Мектепшілік өткен дебат турнирін ұйымдастырушылар: тарих бірлестігі, аға тәлімгер Г. Құлшаева.



16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік мен үшін» тақырыбында 4-5 класс оқушылары арасында патриоттық өлеңдерді мәнерлеп оқу челленджи өткізілді.

Мақсаты-оқушылардың білім деңгейін топтық жұмыс барысында арттыру арқылы өз еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін таныта білуге үйрету. Оқушылардың тілін, ой-өрістерін, дұрыс сөйлеу дағдыларын, қабілеттерін дамыта отырып, шығармашылыққа баулу. Отанын сүйуге, мақтаныш етуге, еліміздің нағыз азаматы бола білуге, ұйымшылдыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/reel/C009jBeM_Gb/?igsh=NmxsenNqeDVmZWnS

Желтоқсан айының 22 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша мектебімізде «Мейірімділік мекені» тақырыбында қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді.

Мақсаты - балаларды мейірімділікке, қайырымдылыққа және басқаларға көмек қолын беруге тәрбиелеу. Жәрмеңкеге қатысқан сыныптар түрлі тәттілер ұсынды. Бәрі де сатылды. Әсіресе: бауырсақ, құймақ, самса, бәліш, сусындар, тоқаштарға үлкен сұраныс болды. Жәрмеңкеге мектебіміздің 2-3 және 5-11 сыныптары белсенділікпен қатысты. Жәрмеңке жоғарғы деңгейде өткізілді.

Айта кетейік бұл жәрмеңке біздің мектебімізде жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіледі.





Жетістік: «Мейірімділік мекені» тақырыбында өткен мектепшілік қайырымдылық жәрменкесіне № 39 ҚОЖББ мектебінің 2-3 және 5-11 сыныптары белсенділікпен қатысты.

Ұсыныс: Алдағы уақытта ұйымдастырылып өткізілетін қайырымдылық жәрменкесіне оқушылар әр – түрлі колөнер бұйымдары және әшекей – бұйымдарды да қолдан дайындап ұсынуға болады.

Кемшілік: жоқ.

<https://www.instagram.com/p/C1Y8zSHscJ3/?igsh=MTB0d3Nqbm53cTM0ag==>

Қаңтар айының 17 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша «Жас Ұлан» ұйымы мен «Мектеп Парламентінің» ұйымдастырумен «**DOSBOL LIKE**» **достық қолын ұсын акциясы аясында** бастауыш сынып оқушыларына достық, мейірімділік, қайырымдылық көрсету мақсатында әр түрлі тренингтер жүргізді.

«Көңілді паравоз», «Мен қандаймын», «Менің достарым», «Досым менің» тақырыбында ойындарды жүргізді. Бастауыш сынып оқушылары жақсы көңіл күйде болды.

Қаңтар айының 19 жұлдызы күні «Жеті жарғы» бағытында 6-8 класс оқушыларына «Құқықбұзушылық неден басталады?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты-оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерін таныстыру.

Аға тәлімгер Гүлдана Тасқынбайқызы сөз алып, жастар арасында белең алып тұрған қылмыс пен құқықбұзушылық, зиянды әдеттер зардабы, электронды темекі, шылым, насыбай, алкоголь туралы оларға қатысты жаза түрлері және әлсіз жандарға қатысты әлімжеттік көрсету қылмысы туралы баяндады.

Кешкі уақытта балалардың ата-анасыз, яғни заңды өкілісіз көшеде жүруге болмайтыны туралы түсіндірді. Сонымен қатар кәмелеттік жастар арасындағы жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мен қорғану шаралары туралы баяндалды.

Дөңгелек үстел соңында қатысушы оқушылар сұрақтарын қойып, қажетті жауаптарын алды. Рефлексия мақсатында оқушылармен «Тренинг» жүргізілді.



Қаңтар айының 19 жұлдызы күні «Жас Ұлан» ұйымы мен «Мектеп Парламенті» бастауыш сынып оқушыларының «Үзіліс» уақытын тиімді өткізу мақсатында «Көңілді Ламбада» биін билетіп, жақсы көңіл күймен бастауыш сынып оқушыларына жақсы тілектерін білдірді.



<https://www.instagram.com/reel/C2zX4esMUCQ/?igsh=MWQ5ZmNyNWFyNWw2eA=>

=

Қаңтар айының 26 жұлдызы күні «Руханият» бағытында «Бозторғай» заманауи ән байқауы өткізілді.

Мақсаты-оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің жетілдіруіне дамуына жағдай жасау.

«Бозторғай» заманауи ән байқауына 5-8 класс оқушылары арасында өткізілді. Байқау барысында топ жарып шыққан оқушылар болды. «Бозторғай» заманауи ән байқауына 7 үміткер қатысты. Байқау соңында әділ-қазылар алқасы байқау жеңімпаздарын анықтап, марапаттады. «Бозторғай» заманауи ән байқауын ұйымдастырушылар: музыка пәнінің мұғалімі Ж. Естөре және аға тәлімгер Г. Құлшаева.

Мектепшілік өткен «Бозторғай» заманауи ән байқауының қорытындысы:

№	Оқушының аты-жөні	Класы	Білім беру ұйым атауы	Орыны
1	Рысжан Еркеназ	5 «А»	№ 39 ҚОЖББМ	ІІІ орын
2	Шуақбаева Арайлым	5 «В»	№ 39 ҚОЖББМ	ІІІ орын
3	«Қыздар-ай» тобы	6 «Б»	№ 39 ҚОЖББМ	ІІІ орын
4	Ерназар Уалиахмед	7 «А»	№ 39 ҚОЖББМ	ІІ орын
5	Асанова Даяна	7 «Ә»	№ 39 ҚОЖББМ	ІІ орын
6	Байзулла Аяна	7 «В»	№ 39 ҚОЖББМ	І орын
7	Рахат Медина	8 «Ә»	№ 39 ҚОЖББМ	ІІІ орын

Қаңтар айының 26 жұлдызы күні «Жас Ұлан» ұйымы бастауыш класс оқушыларына қазақтың ұлттық киімдерін насихаттау мақсатында бейнеролик түсіріп, ұлттық салт-дәстүрлері бойынша сұрақтар қойып бастауыш сынып оқушылары белсенділікпен жауап берді.



<https://www.instagram.com/reel/C21VKGoIxxz/?igsh=MXBsNTZ2cWpweGpudw==>

Ақпан айының 02 жұлдызы күні «Зерде» бағыты бойынша мектебіміздің 4 - сынып оқушылары арасында Төлебидің 360 жылдығына арналған мектепшілік «Ең үздік математик» зияткерлік байқауы өткізілді.

Мақсаты - оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Мектепшілік өткен «Ең үздік математик» зияткерлік байқауына әр бір кластан 3 оқушыдан, яғни барлығы 12 – оқушы қатысты.

4 сынып оқушылары арасында өткен «Ең үздік математик» зияткерлік байқауы II – кезең бойынша өткізілді.

I – кезеңде балалар 10 есептен тұратын «Тест тапсырмаларын» есептеп шығарса, II – кезеңде 10 есептен тұратын «Логикалық есептер» шығарды. Жалпы берілген уақыт 40 минут. Мектепшілік өткен «Ең үздік математик» зияткерлік байқауында 4 «А» сынып оқушысы Дулатов Әли 12 ұпаймен жеңімпаз атанды.

Мектепшілік өткен «Ең үздік математик» зияткерлік байқауының қорытындысы:

№	Оқушының аты-жөні	Облыс	Сынып	Білім беру ұйымы	Балл
1	Асқар Дидар	Ақтөбе	4 «А»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	16 ұпай
2	Мұрат Зере	Ақтөбе	4 «А»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	17 ұпай
3	Дулатов Әли	Ақтөбе	4 «А»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	19 ұпай
4	Басымбекова Айшабибі	Ақтөбе	4 «Ә»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	14 ұпай
5	Ержан Айзере	Ақтөбе	4 «Ә»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	18 ұпай
6	Рамазанова Нұрсая	Ақтөбе	4 «Ә»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	15 ұпай
7	Бауыржан Тасним	Ақтөбе	4 «Б»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	14 ұпай

8	Маратов Әмірхан	Ақтөбе	4 «Б»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	14 ұпай
9	Таңатар Әділ	Ақтөбе	4 «Б»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	16 ұпай
10	Бекболат Кәусар	Ақтөбе	4 «В»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	14 ұпай
11	Оқас Умайр	Ақтөбе	4 «В»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	14 ұпай
12	Талғат Айсұлу	Ақтөбе	4 «В»	№ 39 ҚОЖББ мектебі	16 ұпай

<https://www.instagram.com/p/C00hd2sotDI/?igsh=cTl3aG9xNjFsOWlx>

Қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен Ұлы жүздің биі Төлебидің 360 жылдығына орай өткізілген «Ең үздік математик» зияткерлік байқауына мектебіміздің 4 «А» сынып оқушысы Дулатов Әли қатысып, жүлделі ІІ орын мен марапатталды. Жетекшілері: Б. Садуақасова, Г. Құлшаева.



<https://www.instagram.com/p/C3nWSlOoQZr/?igsh=MXg4YTZka2k2djdiNw==>


Ақпан айының 9 жұлдызы күні «Жас Ұлан» ұйымы мен «Мектеп Парламенті» мектеп ұстаздары мен оқушыларына «Бір бауырсақ, бір мақал» айдарын жүргізді.

1 мақал қойып, дұрыс жауап берсе 1 бауырсақ берді.



<https://www.instagram.com/p/C3Sce2KMFSZ/?igsh=azZ2dDU5YnBncDk0>

Ақпан айының 14 жұлдызы күні «Жас Ұлан» ұйымы мен «Мектеп Парламенті» мектеп ұстаздары мен оқушыларына «Мен сізді жақсы көремін» тақырыбында жылы тілектерін білдіріп, бейнеролик түсірді.



<https://www.instagram.com/reel/C3chmeNMlpL/?igsh=MXJzNHh1OHp2Y3hvYw==>

Ақпан айының 16 жұлдызы күні «Зерде» бағыты бойынша 5 және 6 кластар арасында командалық «Сөз мерген» интеллектуалды ойын өткізілді.

Мақсаты – оқушылардың мақал-мәтел, тұрақты сөз тіркесі, көнерген сөздер турасында білімдерін тексере отырып, мағыналарын аша білуге ұмтылдыру.

Командалық сайыс 4 – кезең бойынша өткізілді. Бірінші кезең «Мықты болсаң, тауып көр», екінші кезең «Жүйрік болсаң, шауып көр», үшінші кезең «Ойлы болсаң озып көр» деп аталды. Командалар әр бір кезең бойынша тапқырлықпен, белсенділікпен жауап берді

5 және 6 кластар арасында өткізілген командалық «Сөзмерген» интеллектуалды ойын қорытындысы бойынша:

1. Жұлделі I орынмен 6 сыныптар «Алғырлар» тобы;
2. Жұлделі II орынмен 5 сыныптар «Білімділер» командасы марапатталды.



Ақпан айының 16 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша 8-9 класс оқушылары арасында мектепшілік «Жайдарман-2024» ойыны өткізілді.

Мақсаты – мектеп оқушыларын жан-жақты дамыту және шығармашылық қабілеттері мен бір-бірімен достық қарым-қатынастарын нығайту. «Жайдарман-2024» ойынының шарты 3 кезең бойынша өткізілді.

1. Сәлемдесу (тақырыбы: «Жаңа Қазақстан» уақыт 7 минут;)
2. Жанбату (командалар өздерінің әзілдерін хабарлайды, ұпай 6 балмен бағаланады;)
3. Үй тапсырмасы (уақыт 10 минут, жоғарғы ұпай 5 бал.)

Кеш қонағы және әділ-қазы алқасы 2019 жылғы Республикалық жайдарман ойынының чемпионы «Фемида» командасының ойыншысы, жайдарманшы Аманғалиев Есбол Нұрланұлы қатысты.



«Жайдарман – 2024» ойынының қорытындысы бойынша:

1. Бас Жүлдеге ие болған 9 «Ә» сыныбы «Бір үйдің балалары» командасы;
2. Жүлделі 1 орынға ие болған 9 «А» сыныбы «Элита» командасы;
3. Жүлделі 2 орынға ие болған 8 «Б» сыныбы «Ақтілек» командасы;
4. Жүлделі 3 орынға ие болған 8 «А» сыныбы «Опашилар» командасы;
5. Белсене қатысқаны үшін 8 «Ә» сыныбы «Әзілмания» командасы және 9 «В» сыныбы «Сүйкімділер» командалары марапатталды.





<https://www.instagram.com/p/C35kPzCM-Za/?igsh=NWJIODB4YzIqN3I2>

Алғыс айту күніне орай «Руханият» бағыты бойынша «Жас Ұлан» ұйымы мен «Мектеп парламентінің» ұйымдастыруымен 12 ақпан мен 1 наурыз күндері аралығында Республикалық «Алтын жүрек» челленджі өткізілді.

Мақсаты-оқушылардың бойына "сыйластық" құндылығын арттыру. Әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Мектебімізде жүргізілген апталық аясында «Мерекелік құттықтау», «Жүректен-жүрекке челленджі», «Еңбек адамдарын құттықтау», «Алғыс айту парымыз» тақырыбында «Қарттар үйіне» барып мерекелік кеш өткізілді.

Аталған іс-шараларға мектебіміздің 1 және 10 сынып оқушылары белсенділікпен қатысты.



«Мектеп Парламентінің» мерекелік құттықтауы

<https://www.instagram.com/reel/C3-oPcNMXP6/?igsh=M2JqMjVxOWp5cWpi>




7-сынып оқушыларының «Асхана» қызметкерлерін «Алғыс айту» күнімен құттықтау сәтінде

<https://www.instagram.com/reel/C3-wLIXsI3i/?igsh=MTRtODlyc2R0OGR2aQ==>



«Жүректен жүрекке» құттықтау челленджі

<https://www.instagram.com/reel/C3-plpfMA0g/?igsh=MXAwaG9kYnhzdm50eQ==>



«Еңбек адамдарын құттықтау»

7 «Ә» сыныбы және аға тәлімгер Құлшаева Гүлдана Тасқынбайқызы

<https://www.instagram.com/reel/C38JhWxMjsi/?igsh=Z2kybTZpdjNwazls>

01-наурыз Алғыс айту күніне орай мектебіміздің «Жас Ұлан» және «Мектеп Парламенті» ұйымы, мектеп ұстаздары «Қарттар үйіне» барып, «Алғыс айту парызымыз!» тақырыбында мерекелік кеш өткізді.

Мақсаты – балалардың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, әлеуметтік жағдайы төмен балаларға көмек көрсету, оқушыларды кішіпейілділікке, бауырмалдыққа баулу.

«Алғыс айту» парызымыз тақырыбындағы қайырымдылық кеште ұстаздар мен оқушылар ән айтып, қарттарға ізгі ақ тілектерін білдірді.

Мерекелік кеш соңында қарттарға мерекеге орай сыйлықтар таратылып, қарттарымыз тілектерін айтып алғыстарын білдірді.



Жетістік: «Алғыс айту парызымыз!» тақырыбында өткізілген қайырымдылық кешке мектеп оқушылары белсенділікпен қатысты.

Ұсыныс: Алдағы уақытта да осындай қайырымдылық кештер алдағы уақытта да жалғасын таба берсін және басқада сыныптың оқушылары қатыстырылсын.

Кемшілік: жоқ.

https://www.instagram.com/reel/C4AY_x2MTSz/?igsh=MXZkM3I0amlibnZiZQ==

Наурыз айының 07 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша «Ал, қанекей қыздар!» қыз сыны байқауы өткізілді. Мақсаты-қыз балаларға адамгершілік, адалдық, әсемдік, әдемілік, іс-қимыл, жүріс-тұрыс, қыз сымбаты түрлерін терең түсіндіре отырып, олардың өнерлерін, ұшқыр ойларын, іс-әрекетке деген икемділігін анықтап бағалау, одан әрі дамыту.

Сайыс 3 кезең бойынша өткізілді, атап айтқанда: «Біз қазақтың қыздарымыз» таныстыру, «Өнер өрге жетелейді» өз өнерлерін көрсету, «Білімді мыңды жығады» бұл бөлімде аруларымыздың білімділігі сынға түсті.

Әділ-қазылар алқасы әр бір кезең бойынша сайысқа қатысушы аруларды бағалады. Ең жоғарғы ұпай, 6 ұпай. «Ал, қанекей қыздар!» атты қыз сыны байқауына 7-8 сыныптың қыздары топ болып бақ сынасып, барлығы 21 қыз бала қатысты.



Байқау қорытындысы бойынша:

1. Жүлделі I орын 8 «Ә» сыныбы «Шабыт» тобы;
2. Жүлделі II орын 8 «А» сыныбы «Shanqyzdar» тобы және 7 «Б» класы «Керіктілер» тобы;
3. Жүлделі III орын 8 «Б» сыныбы «Қызғалдақтар» тобы және 8 «В» сыныбы «Бойтұмар» тобы;
4. 7 «Ә» сыныбы «Қыздар-ай» тобы «Өнерлі қыздар» номинациясы мен және 7 «В» сыныбы «Жұлдыз қыздар» тобы «Көрермен көзайымы» номинациясы мен марапатталды.





<https://www.instagram.com/p/C4bQg9zsyWR/?igsh=MWVqcTlqY2Fld2Fydg==>

Наурыз айының 13 жұлдызы күні «Зерде» бағыты бойынша 5 және 6 сыныптар арасында командалық «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы» тақырыбында интеллектуалды сайыс өткізілді.

Мақсаты- оқушылардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын молайтуға баулу. Мақалдап, мәтелдеп сөйлеу мәнеріне дағдыландыру.

5-6 сыныптар арасында өткізілген командалық сайыс 5 – кезең бойынша өткізілді:

1. «Жалғасын тап» (мақал-мәтелдің жалғастыру, әр топ қанша мақал айтса сонша ұпай саны есептеледі);

2. «Кім тапқыр» (жұмбақтың жауабын айту);
3. «Ойлы болсаң озып көр» (әр түрлі сандарға қарай берілген тақырыпқа 2-3 мақал айту);
4. «Айшықты сөздер» (бірнеше тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын толық айту);
5. «Ребус шешу» (берілген ребус бойынша мақал-мәтел құрастырып, жауабын айту)

5 сыныптан құралған «Сұңқар» командасы және 6 сыныптан құралған «Тұлпар» командасы белсенділікпен қатысты.

5-6 сыныптар арасында өткізілген «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы» тақырыбындағы интеллектуалды сайыстың қорытындысы:

1. 5 сыныптан құралған «Сұңқар» командасы «Біліктілер» номинациясы;
2. 6 сыныптан құралған «Тұлпар» командасы «Тапқырлар» номинациясы;
3. Белсене қатысқаны үшін 5 «Ә» сынып оқушысы Баетова Султана;
4. Белсене қатысқаны үшін 6 «Ә» сынып оқушысы Рамазан Жансая марапатталды.





<https://www.instagram.com/p/C7A80HToDeu/?igsh=MW05bndkaTUxcGVmYg==>

Наурыз айының 20 жұлдызы күні «Ақ Отау» жобасының келіндері мен «Еркеназ» қыздар клубының қатысуымен «Өнерлі қыз-өнегелі жеңге!» байқауы өткізілді. Мақсаты- қазақ қызының бойындағы салт-дәстүрімізге сай тәрбиелілік, әдептілік, инабаттылық, көріктілік, ептілік сияқты жан-жақты ұлттық асыл қасиеттерді, ұлттық сананы бойына сіңіру.

«Өнерлі қыз – өнегелі жеңге» сайысы 4 кезең бойынша өткізілді. Бірінші кезең «Сұлу қыз-сырлы жеңге» таныстыру, екінші кезең «Қылығына сай екен киімдері-ай» (сән үлгісі), үшінші кезең «Ата мұраң - асыл қазынан» (салт-

дәстүр және әдеп – ғұрып бойынша сұрақ-жауап айдары), төртінші кезең «Халқын сүйген салтын сүйер» «Ана көрген тон пішер» (қолөнер тапсырмасы) кезең-кезең бойынша жеңгелер мен қайынсіңілілері өздерінің өнерлерін, білімділігін, тапқырлығын көрсетті.



Мектепішілік өткізілген «Өнерлі қыз – өнегелі жеңге» сайысының қорытындысы бойынша:

1. Жүлделі I орын жеңгесі Макимова Амангүл және «Үкілім» тобы;
2. Жүлделі II орын жеңгесі Сарсенгалиева Айгерим және «Арайлым» тобы;
3. Жүлделі III орын жеңгесі Нуржигитова Гульдана және «Үкілім» тобы иеленіп, сыйлықтар мен марапатталды.





https://www.instagram.com/reel/C4-KX8Is_36/?igsh=MTl1cnJ3bmg4cnV5eg==

Наурыз айының 19-20 жұлдызы күндері «Қош келдің Әз-Наурыз» тақырыбында мерекелік кеш өткізілді.

Мақсаты – оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды дарыта отырып, салт-дәстүрлерді дәріптеу. Ауызбіршілікке, бірлікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

Мектебіміздің өнерпаз оқушылары «Жарапазан» әнін орындады. «Қош келдің Әз Наурыз» тақырыбында өткізілген мерекелік шарада әр түрлі ұлттық ойындар

ойнатылып, салт-дәстүрлерімізді жаңғыртылып кешіміз мерекелік әндермен жалғасын тапты.



<https://www.instagram.com/p/C4xKz6pMfoc/?igsh=MWdyeDdqMnhwbTJsZg==>

Сәуір айының 02 жұлдызы күні «Руханият» бағыты бойынша мектепшілік 7-10 кластар арасында Ақтөбе қаласының 155 жылдығына арналған «Ақтөбе LIFE» газет байқауы өткізілді.

Мақсаты-журналистік қызмет арқылы педагогтар мен оқушылардың шығармашылық белсенділік пен азаматтық сана-сезімін қалыптастыру.

Әр кластан 1 газет байқауы жұмысы қабылданды. Барлығы 6 класс қатысты. Мектепшілік өткен Ақтөбе қаласының 155 жылдығына арналған «Ақтөбе LIFE» газет байқауында жоғарғы ұпай жинап, «Бас жүлдеге» ие болған 8 «А» класы қалалық оқушылар Сарайының өткізген газет байқауына қатысып белсене қатысқаны үшін Сертификатпен марапатталды. Жетекшісі: аға тәлімгер Гүлдана Тасқынбайқызы.



<https://www.instagram.com/p/C6dr-c0sOPV/?igsh=MW5mcWhobW9vbmd4aw==>

Сәуір айының 03 жұлдызы күні «Отан» бағыты «Ғарышкерлер» күніне орай 5-7 сынып оқушылары арасында «Ғарышкер болғым келеді» тақырыбында эссе жазу байқауы өткізілді.

Мақсаты-өз ой-пікірін ашық, еркін жеткізе білуге баулу, сауатты жазуды меңгерту.

Эссе жазудағы басты мақсат – оқушылардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, мемлекеттің жарқын болашағына деген сенімін арттыруға бағытталған. Осыған орай, мектебіміздің 5-7 сынып оқушылары эссе байқауына белсенділікпен қатысты. Байқау барысында топ жарып шыққан оқушылар болды. Эссені бағалау кезінде қазылар алқасының мүшелері келесі төмендегідей қорытынды бойынша бағалады. Ұйымдастырушылар: аға тәлімгер Г. Құлшаева және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі И.Жармуханова.

12-сәуір Ғарышкерлер күніне арналған «Ғарышкер болғым келеді» тақырыбындағы эссе жазу байқауының қорытындысы:

№	Оқушының аты – жөні	Сыныбы	Бағасы
1	Айдырова Амиина	5 «А»	4
2	Бакетова Алима	5 «Ә»	5
3	Төлегенова Нұрай	5 «Б»	4
4	Данкебай Қарақат	5 «В»	5
5	Губайдуллина Диана	6 «А»	5
6	Батырбек Аян	6 «Ә»	5
7	Жанатқызы Үміт	6 «Б»	4
8	Болат Сабыр	6 «В»	5
9	Ақшулакова Меруерт	6 «Г»	5
10	Қуатжан Медина	7 «А»	5
11	Жолдыбай Тахмина	7 «Ә»	4
12	Бақытжан Ықылас	7 «Б»	4

13	Рақатова Айзере	7 «В»	5
----	-----------------	-------	---

Сәуір айының 12 жұлдызы күні «Руханият» бағытында «Отбасылық альбом» шығармашылық жоба онлайн байқауы өткізілді.

Мақсаты-оқушыларды қарым-қатынастың тұрақтылығына, балалардың тууы мен тәрбиесіне, отбасылық дәстүрлерді сақтауға, аға ұрпақты құрметтеуге бағыттау.

Мектепішілік онлайн өткен «Отбасылық альбом» байқауына бастауыш (кіші тобы) және 5-8 кластар (орта тобы) 9-11 кластар (жоғарғы тобы) қатысты.

Әр бір кластан бір жұмыс (бейнеролик) қабылданды. Кластар белсенділікпен қатысып, ең үздік деп танылған 3 «Ә» класының талантты оқушысы Изғалиева Айлана «Бас жүлдеге» ие болды.

Қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен өткізілген «Отбасылық альбом» шығармашылық жоба байқауына Айлана қатысып, жүлделі II орынды иеленді. Жетекшісі: Есеналина Сауле Советовна.



<https://www.instagram.com/p/C7BumxWML9m/?igsh=bjdhaXY2YXd6ZG90>

Сәуір айының 26 жұлдызы күні «Спорт» бағытында бастауыш кластар арасында «Папа, мама, я-спортивная семья» тақырыбында спорттық эстафета байқауы өткізілді.

Мақсаты-оқушыларды және ата-аналарды сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысудың қажет екендігін түсіндіру.

Мектепішілік өткізілген «Папа, мама, я-спортивная семья» тақырыбындағы спорттық эстафета сайысына 4 класс оқушылары мен ата-аналары белсенділікпен қатысты.

**«Папа, мама, я-спортивная семья» тақырыбында спорттық эстафета
байқауының қорытындысы бойынша:**

№	Отбасының атауы	Класы	Орын
1	«Дулатовтар» отбасы	4 «А»	I орын
2	«Мусаевтар» отбасы	4 «Ә»	Бас жүлде
3	«Қарабасовтар» отбасы	4 «Б»	III орын
4	«Бекболатовтар» отбасы	4 «В»	II орын

Мамыр айының 04 жұлдызы күні мектебіміздің 2 және 5 сынып оқушылары арасында «Ұрпаққа ұран болған – Ұлы Жеңіс» тақырыбында патриоттық әндер байқауы өткізілді.

Мақсаты – оқушыларға патриоттық тәрбие беріп, Өз елін, жерін, Отанын сүйуге, қадірлеуге, патриоттық әндерді орындау шеберлігін арттыру.

Байқаудың шарты бойынша оқушылар «Отан», «Туған жер» тақырыбында әндерді шырқады. Оқушылар орындалатын әнге байланысты киім үлгілері, сахна мәдениеті және бағалау бойынша ең жоғарғы 10 ұпаймен бағаланды.

Патриоттық әндер байқауына барлығы 10 оқушы қатысты. Байқау қорытындысы бойынша:

1. Жұлделі I орынға ие болған 3 «А» сынып оқушысы Серғазы Айша;
2. Жұлделі I орынға ие болған 4 «Ә» сынып оқушысы Кенжегулова Райиан;
3. Жұлделі I орынға ие болған 3 «Б» сынып «Балауса» тобы;
4. Жұлделі II орынға ие болған 2 «Г» сынып оқушысы Кемелхан Элизат;
5. Жұлделі II орынға ие болған 4 «В» сынып «Балдырған» тобы;
6. Жұлделі II орынға ие болған 5 «Б» сынып «Жұлдыздар» тобы;
7. Жұлделі II орынға ие болған 2 «А» сынып оқушысы Өтепберген Қадіржан;
8. Жұлделі III орынға ие болған 3 «В» сынып оқушысы Амандық Ақзере;
9. Жұлделі III орынға ие болған 4 «Б» сынып «Жігіттер» тобы;
10. Жұлделі III орынға ие болған 5 «Ә» сынып «Аймоншақтар» тобы марапатталды.







<https://www.instagram.com/p/C6tZ8Yjsy1N/?igsh=MXVmenJkczAzazRyOA==>

Мамыр айының 24 жұлдызы күні «Отан» бағытында «Сыңғырла соңғы қоңырау!» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.

Мақсаты - адамгершілік құндылықтары берік негізі бар нәтижеге бағдарланған жан-жақты тұлға қалыптасуына және мектебіне, ұстаздарына, ата-аналарына деген сүйіспеншілік, ризашылық сезімін дамыту.

«Сыңғырла соңғы қоңырау!» тақырыбында өткен салтанатты жиынға 11 класс оқушылары, мектеп ұстаздары, ата – аналар қатысты.

Ең алдымен бітіруші жас түлектер класс жетекшілерімен ортаға құрметпен шақырылып, ҚР мемлекеттік «Гимні» орындалды.

Мектебіміздің «Кәусар» хорының әні шырқалды. Мектеп директоры Кисикова Ақгул Мырзабекқызы 2023 – 2024 оқу жылындағы қалалық, облыстық олимпиадалардың жеңімпаздары атанған жетекші ұстаздарды марапаттап, бітіруші жас түлектерге ақ жол тіледі.

Мектеп бітіруші жас түлектердің «Вальс» биімен және «Қош бол мектебім менің!» әнімен қорытындыланды.





<https://www.instagram.com/p/C7dyYMssIIH/?igsh=MWVrYnowNHAzaG1iOQ==>

Мәлімдеме беруші: аға тәлімгер Құлшаева Гүлдана
Тасқынбайқызы